**"Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 ақпандағы № 68 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 4 қазандағы № 453 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 30 қазанда № 8046 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 629 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2016 № 629 бұйрығымен.

**БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 ақпандағы № 68 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5574 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауында:

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне тәуелді емес объективті себептерге мыналар жатады:

бағамдық айырма;

форс-мажорлық жағдайлар (көзделуі, қандай да болмасын іс-шаралармен алдын алуы немесе жойылуы мүмкін емес жағдайлар);

бағаның және тұтынудың заттай көлемінің өзгеруі есебінен қалыптасқан түгел пайдаланылмаған қаражат қалдығы;

бос орындардың болуы, ақысыз демалыстар беру және еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары бойынша төлемдер есебінен ағымдағы шығындар бойынша үнемдеу;

ол бойынша Үкіметтің шешімдері қабылданбаған бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінбеген қалдық;

бюджет қаражатын алушылардың жоспарланғанға қарағанда іс жүзіндегі санының азаюы;

кредиттер, қарыздар бойынша сыйақы (мүдде) ставкасының өзгеруі;";

39-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) 17-бағанда бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне тәуелді емес объективті себептер бойынша қалыптасқан орындамау сомасы көрсетіледі:

бағамдық айырма;

форс-мажорлық жағдайлар (көзделуі, қандай да болмасын іс-шаралармен алдын алуы немесе жойылуы мүмкін емес жағдайлар);

бағаның және тұтынудың заттай көлемінің өзгеруі есебінен қалыптасқан түгел пайдаланылмаған қаражат қалдығы;

бос орындардың болуы, ақысыз демалыстар беру және еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары бойынша төлемдер есебінен ағымдағы шығындар бойынша үнемдеу;

бюджет қаражатын алушылардың жоспарланғанға қарағанда іс жүзіндегі санының азаюы;

кредиттер, қарыздар бойынша сыйақы (мүдде) ставкасының өзгеруі;";

5 және 8-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (А.Н. Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ақпараттық технологиялар департаменті (Д.Ж. Күнтубаев) "Бюджеттік процесс мониторингі" бағдарламалық қамтымына тиісті өзгерістер енгізсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2012 жылғы 4 қазандағы
№ 453 бұйрығына
1-қосымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
5-қосымша

**Салықтар мен төлемдер бөлінісінде мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер бойынша берешек сомасын талдау**
**Ағымдағы жылдың басынан "__" ________ жағдай бойынша берешекті талдау**

мың теңге

| № | БС коды | Салықтар мен төлемдердің атауы | Ағымдағы жылдың басына берес і | Ағымдағы жылдың есепті күніне берес і | Ауытқу (5-бағ.-4-бағ.) | Себептер |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| ... | | | | | | |
| n | | | | | | |

## Ағымдағы жылдың есепті айындағы берес іні талдау

мың теңге

| № | БС коды | Салықтар мен төлемдердің атауы | Ағымдағы жылдың есепті айының басына берес і | Ағымдағы жылдың есепті айының аяғына берес і | Ауытқу (5-бағ.-4-бағ.) | Себептер |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| ... | | | | | | |
| n | | | | | | |

Ескерту: бюджетті атқару жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдар осы нысанды облыс бюджеті, облыстық бюджеттің өзі, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті, аудандар (облыстық маңызы бар қала) бюджеттері бөлігінде толтырады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2012 жылғы 4 қазандағы
№ 453 бұйрығына
2-қосымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
8-қосымша

## 200___ жылғы _________________ жағдай бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есеп

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі ___________________
Бюджеттің түрі ___________________
Есепті кезең ___________________
Өлшем бірлігі

| Коды | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| ББӘ | Бағдарлама | Кіші бағдарлама | Атауы | Бір жылға арналған жиынтық қаржыландыру жоспары | Есепті кезеңге арналған жиынтық қаржыландыру жоспары | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | міндеттемелер бойынша | төлемдер бойынша |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | Барлығы | | | |
| | | | оның ішінде: | | | |
| | | | ЕТҚ бойынша үнемдеу | x | x | x |
| | | | бағамдық айырма | x | x | x |
| | | | оның ішінде: | | | |
| | | | Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар | | | |
| | | | ... | | | |
| | | | Даму бағдарламалары | | | |
| | | | ... | | | |

кестенің жалғасы:

| Қабылданған міндеттемелер | Төленген міндеттемелер | Атқарылу % (9-бағ./ 7-бағ.* 100) | Атқарылмау сомасы (9-бағ.- 7-бағ.) | Қабылданбаған міндеттемелер сомасы (8-бағ.- 6-бағ.) | Бір жылға арналған күтілетін орындалуы | Атқарылу (13-бағ./ 5-бағ. *100) | Бір жылға күтілетін атқарылмау сомасы (13-бағ.- 5-бағ.) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| x | x | x | x | x | x | x | x |
| x | x | x | x | x | x | x | x |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы:

| оның ішінде | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | оның ішінде мыналардың есебінен: | | | |
| | | | | бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаны | | |

| мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша үнемдеу | объективті, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне тәуелді емес | басқа себептер | бәсекелі ортаның болмауынан ( маркетингтік талдаудың болмауынан) мемлекеттік сатып алу бойынша өтпеген конкурстар | тиімсіз басқаруы ( конкурстық рәсімдерді уақтылы өткізбеу, оларды өткізу мерзімін ауыстыру , өнім берушінің шарт талаптарын бұзуы, орындалған жұмыстар актілерін, шот-фактураларды , тауарларды ( жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) берушілер нарығын талдауды уақтылы ұсынбау) | қаражатты негізсіз жоспарлау ( бюджет қаражатының талап етілмеуі, асыра көрсетілген құндық көрсеткіштер , жылдық жоспарларды айлар бойынша дұрыс бөлмеу) | бюджеттік бағдарламаларды ( кіші бағдарламаларды ) іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді уақтылы қабылдамау және басқа себептер | Ескерту жоспард орындалм себептер бюджетт бағдарлам ( кіші бағдарлам ) әкімшіле негіздеуі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| х | | х | х | х | х | х | х |
| х | | х | х | х | х | х | х |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Ескерту: * 13-бағанды бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ағымдағы жылғы 9 айдың қорытындысынан бастап ағымдағы жылдың соңына дейін толтырады.

Орталық атқарушы органның жауапты
хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық
атқарушы орган жауапты хатшысының
өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға)/мемлекеттік
мекеме басшысы __________ _________________________
(қолы) (қолды таратып жазу)
Қаржы қызметінің басшысы ___________ ________________________
(қолы) (қолды таратып жазу)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК